



Автор: МОЛДАГАЛИЕВА АСЕМГУЛЬ КАМАЛИДЕНОВНА

Пән: Математика

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Көбейту және бөлу. Есептер

Тақырып: 3 санына көбейту мен бөлу кестесін құрастыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.2.4**2,3,4,5 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: 3-ке көбейту және бөлу кестесін құрастырады. Көптеген оқушылар: 3-ке көбейту және бөлу кестесін бірдей қосылғыштардың сомасын табуға, мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдауды және шығаруды біледі, қолданады. Кейбір оқушылар: 3-е көбейту және бөлу кестесін есептеулерде қолданады, кері есептер құрастырады және шығарады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: -3-ке көбейту кестесі қалай құрастырылғанын түсіндіреді. Пәндік лексика және терминология: -3-ке көбейту және бөлу кестесі
Күтілетін нәтиже:	Көбейту кестесін жаттауды үйренеді
Бағалау критерийлері:	-3-ке көбейту және бөлу кестесін құрады. -Берілген тапсырмаларды талдайды, шығарады. -3 санына көбейту және бөлу кестесін әртүрлі тапсырмаларды қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Шығармашылық және сын тұғысынан ойлау, өмір бойы білім алуға дарыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Компьютер, проектор, https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/2-synyp/sandy-3ke-kobejtu-zhane-bolu-kestesi?mid=f09b1c20-9ee4-11e9-a361-1f1ed251defe
Пәнаралық байланыс:	Музыка, сауат
Бастапқы білім:	2санына көбейту мен бөлу кестесін бекіту

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық дайындық: Математика – қызық пән, Бәріміз оны білеміз. Қызықты есеп шығарып, Тез жауабын береміз. -Балалар, сабаққа қандай көңіл-күймен келдіңдер (басбармақпен көрсетеді). Миға шабуыл әдісі арқылы өткен сабақты қайталату. Мақсаты:Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеріп, зейіндерін сабаққа аудару. «Оқимыз, үйренеміз, жалықпаймыз, Білімнің шыңына біз шарықтаймыз!»	Интербесенді тақта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20-25)	Қызығушылықты ояту (интербелсенді тақтамен жұмыс) 3 санына көбейту және бөлу кестесін құрастыруды үйренеміз. №1.ҰЖ. Сурет бойынша ауызша есептеу 1. Үш-үштен сана. 2. Айсұлудың әр секіргенінде 3 бірлік бар. Екі,үш, секіргенінде неше бірлік бар? Дескрипторы: -Үш-үштен санайды. - Айсұлудың әр секіргенінде 3 бірлік бар. Екі,үш, секіргенінде неше бірлік бар екенін айтады. Бағалау: Бағдаршам арқылы №2. «Ойлан,тап» әдісі. ТЖ Оқулықтағы 2тапсырма және дәптердегі 1- тапсырма ұсынылады. Дәптерде кесте құрастыра отырып тақтада кеңейтілген талдаулар жүргізуге (оқулықтағы тәрізді) болады. Әр жолы 3-тен қосып отыру міндетті емес, алдыңғы мысалдың нәтижесіне 3-ті қосып, содан соң көбейту мен бөлудің компоненттері мен нәтижелерінің өзара байланысы негізінде басқа бағандарды құрастыруға болады. Бірінші баған қалай құрастырылғанын тағы бір рет талдаңдар (екінші көбейткіш артып отырады, бірінші көбейткіш – 3), екінші баған қалай құрастырылғанын талдаңдар (көбейткіштердің орындары ауыстырылды немесе бірінші көбейткіш артып отырады). Үшінші бағанда бөлгіш 3-ке тең, ал төртінші бағанда бөлінді– 3 саны. Мұндай қорытынды жасауға оқулықтағы сандардың түрлі түстерде болуы көмектеседі. -Дескрипторы - Көбейту мен бөлу кестесін құрастырады. -Әр бағанды толықтырады. Бағалау: «Бағдаршам» арқылы Саралау. Топтық жұмыс. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі №3. Нұсқау: есептерді шығар. Өрнектер құрастырып, олардың мәнін тап. Тапсырма: А) Сырым эстафеталық жарыста әр жүгірген сайын 3 доптан әкеледі. Егер ол 4 (5,6,9) рет жүгірсе, онда неше доп әкеледі? $4 \cdot 3 = 12$ $5 \cdot 3 = 15$ $6 \cdot 3 = 18$ $9 \cdot 3 = 27$ Ә) 12 (18, 9, 15) допты әр себетке 3-тен салатын болса, қанша себет қажет? $12 : 3 = 4$ $18 : 3 = 6$ $9 : 3 = 3$ $15 : 3 = 5$ -Дескрипторы - Көбейту мен бөлу кестесін құрастырады. -Әр бағанды толықтырады. Бағалау: «От шашу» арқылы «Ойлан, салыстыр!» әдісі №4. Интербелсенді тақтамен жұмыс Нұсқау: Өрнектің бірінші бөлігінің мәнін тап, екінші бөлігінің мәнін тап. Оларды салыстыр. Тапсырма: $3 \cdot 9 \neq 5 \cdot 3$ $3 \cdot 8 \neq 9 \cdot 2$ $5 \cdot 2 \neq 3 \cdot 7$ $3 \cdot 2 \neq 3 \cdot 4$ $3 \cdot 5 \neq 2 \cdot 8$ $6 \cdot 3 \neq 2 \cdot 4$ Дескрипторы: өрнектің екі бөлігін салыстырады. Бағалау: «Бас бармақ» «Зерттеу» әдісі» №5. Оқулықтағы №5 тапсырманы зерттей отырып орында. Тапсырма: Бірінші суреттегі гір тастарды немесе көгөністерді пайдаланып, екінші суреттегі таразы табақтарын қалай теңестіруге болады? $3 \cdot 2 + 1 = 3 \cdot 1 + 2 \cdot 2$ $8 - 3 = 3 \cdot 2 -$ Жұптық жұмыс. «Көршіңмен сырлас» әдісі Дәптердегі №2. - 3-ке көбейту және бөлу кестесін қолдана отырып, жауапты жұппен ізденейік. Дескрипторы: 3-ке көбейту және бөлу кестесін жұппен орындайды. Бағалау: «Бас бармақ» Өзіндік жұмыс. «Тайм-менеджмент» әдісі (есептеу дағдыларының шапшаңдығын байқау мақсатында) Дәптердегі : №3. – Бізге тапсырманы сәтті орындауға не көмектесті?(3-ке көбейту кестесін білу.)	https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/2-synyp/sandy-3-ke-kobejtu-zhane-bolu-kestesini?mid=f09b1c20-9ee4-11e0-a361-1f1ed251defe
Сабақтың соңы (5 минут)	Сергіту сәті Нұсқау: Оқушылар, орнымыздан тұрып, әуенге ілесе отырып, жаттығуды орындайық.	https://www.youtube.com/watch?v=yS4WWbtM
Рефлексия (5минут)	Бағалау. Кері байланыс: «ТИР» Рефлексия. – Біз сабағымыздың мақсатына жеттік пе? (Иә.) – Негіздендер. (Біз 3-ке көбейту және бөлу кестесін құрастырдық және оны қолдануды үйрендік.) – Не орындалды? – Біз 3-ке көбейту және бөлу кестесін сенімді түрде қолдануды үйрендік деп айта аламыз ба? (Жоқ.) –Сендердің әрқайсыларың алдарыңа қандай мақсат қоюларың керек? (3-ке көбейту кестесін жаттап алуды.)	кері байланыс "ТИР "